8	Тепловизор	2	[illegible]	[illegible]

"Ақсайжылуқуат" МКК
Өндірістік - техникалық бөлімі
(ПТО) 69
«22» 10 2022ж.

«Ақсай техникалық колледжі» МКҚК
Ақсай қаласы,
С.Датов көш., 1 жер телімі

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ҚҰЖАТЫ

«Ақсайжылуқуат» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Сізге біздің кәсіпорынның инженерлік желілеріне қосылу үшін берілетін техникалық жағдай құжатын жібереді.

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ

1. Жер жұмыстарын жүргізу алдында жұмыс жүргізу учаскесінде желілері бар басқа қызмет көрсетуші кәсіпорындардың инженерлік қызметтерімен тиісті келісулер жүргізілсін.
2. Жер жұмыстарын жүргізер алдында «Ақсайжылуқуат» МКК сумен жабдықтау қызметінің өкілін шақыру керек.
3. Құбырды 2 метрдей терендікте орнату керек.
4. Жер казу жұмыстары аяқталған соң, көлік және жолаушылар жүретін жолдарды қалпына келтіріп, жерді өндеу керек.
5. Су құбырын жалғаған кезде «Ақсайжылуқуат» МКК сумен жабдықтау қызметінің өкілін шақыру керек.
6. С.Датов көшесі, 1 жер телімінде орналасқан ғимаратты сумен жабдықтау үшін, сызбаға сәйкес, Жастар көшесі бойымен өтетін су құбырына (Ду-50мм) жалғану керек.
7. Су құбыры Ду-25мм сәйкес болуы керек.
8. Қыска мерзімдегі жағдайда косылу жерінде құдықты орналастыру жұмыстары қарастырылсын.
9. Жалғанған жерге диаметрі сәйкес келетін суды ашып-жабуға арналған арматура орнату керек.
10. Су құбыры жалғанған жерден бастап абонент өзіне қызмет көрсетуі керек.
11. Құбырдың кіретін жеріне, «Сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі суды есепке алу аспаптарын таңдау, монтаждау және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы №621 бұйрығына (22тармақ) сәйкес, су мөлшерінің көрсеткішін қашықтықтан алу мүмкіндігімен суды есептеу құралын (есептеуішті) орналастыруды карастыру керек.
12. Есептегіш құралын орнатканнан кейін пломбалау үшін, «Ақсайжылуқуат» МКК есептесу-шарт бөлімінің бақылаушысын шақыру керек.
13. Есептегіш құралы мемлекеттік тексеруден өткен, ҚР аумағында орнатуға рұқсаты бар және ол «Ақсайжылуқуат» МКК есептесу-шарт бөлімінде тіркелуі керек.
14. Жылдың кай мезгілінде де, суды есептеу құралын тексергенде, оған ешқандай кедергі болмауы керек.
15. Су есептегіш құралы оның паспортына сәйкес орналастырылуы керек (көлденең немесе тігінен).
16. «Ақсайжылуқуат» МКК абоненттерге катысты су құбырының жөндеу жұмыстарын жүргізбейді.
17. Абоненттің су құбырында немесе біздің кәсіпорынның баска да желілерінде апат болған жағдайда, «Ақсайжылуқуат» МКК суды толық тоқтатуға құқылы.

Бас директордың м.а. **А.С. Мукиев**

ҚҚ бастығы **Д.С. Базарбаев**

ӨТБ бастығы **Б.Е. Жулай**